**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 наурыздағы N 199 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 732 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 35, 317-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауды несиелендірудің ережесінде:

6-тармақ:

"күні ішінде" деген сөздерден кейін "шотқа қате не кредит бойынша борыш сомасынан артық түскен қаражатты қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шотқа қате не кредит бойынша борыш сомасынан артық түскен қаражатты Сенім білдірілген өкіл (агент) көрсетілген қаражатты салушыға қайтаруға тиіс.".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК